



Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 699 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2025 жылғы 26 ақпанда № 231-17 болып тіркелді

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағы 3-1) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 293 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 105 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Г. Сыздықбеков

Шымкент қаласы
әкімдігінің
2025 жылғы 24
ақпандағы
№ 699

қаулысына қосымша

Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесі

№	Су айдындарының атауы	алаңы, га	ординаттары	балық шаруашылығының түрі	орналасқан жері
					Шымкент қаласы, Еңбекші

1.	Тоғыс су қоймасы	469,2537 га	69° 40' 5.76" E 42° 13' 15.97" N	Тауарлық балық өсіру шаруашылығы	ауданы, Айнатас тұрғын алабы
2.	Бадам су қоймасы	32,0703 га	69° 49' 21.957" E 42° 13' 10, 82" N	Тауарлық балық өсіру шаруашылығы	Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Маятас тұрғын алабы
3.	Текесу су қоймасы	18,85 га	69° 38' 47. 271" E 42° 09' 34. 739" N	Тауарлық балық өсіру шаруашылығы	Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Текесу тұрғын алабы
4.	Ақжар су қоймасы	27,0 га	69° 30' 29. 608" E 42° 13' 03. 324" N	Тауарлық балық өсіру шаруашылығы	Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Ақтас тұрғын алабы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК